

«6D011600 - География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Алиаскаров Думан Тоқтарұлының «Қазақстан моноқалаларының инновациялық даму үрдістерін географияда оқытудың әдістемелік негіздері (Текелі және Жезқазған қалалары мысалында)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылыми техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы №683 қаулысымен бекітілген Моноқалаларды дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасында, моноқалаларды орта және ұзақ мерзімді перспективада орнықты әлеуметтік-экономикалық дамыту және тұрақты жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өндірістік сыйымдылығына байланысты оңтайландыру мәселелері айқындалған. Елімізді индустриалды-инновациялық дамыту үшін бұрыннан қалыптасқан индустриялық инфрақұрылымы бар моноқалаларды дамыту аса қажет. Бағдарлама жүзеге асырыла бастаған уақыттан бері, моноқалаларда экономиканы әртараптандыру, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, бәсекеге қабілетті инновациялық өнімдер өндіру бойынша бірқатар табысты шаруалар орындалған. Текелі мен Жезқазған қалалары мысалында орындалған диссертанттың ғылыми-зерттеу жұмысы пікірімізге дәлелді негіз болады.

XXI ғасырда урбандалу үрдісінің жеделдеуі қалаларға ерекше мән берудің, тұрақты дамуын қамтамасыз етудің қажеттігін көрсетуде. БҰҰ жанындағы Әлеуметтік және экономикалық мәселелер департаментінің болжамынша 2050 жылға қарай жер шары халқының 66%-і (6,4 млрд адам) - қалаларда қоныстанатын болады. Урбандалу трендтерінің елімізде де оң нәтиже көрсетіп, қала тұрғындарының үлесі артуда (қазіргі таңда қала халқының үлесі - 56,2%). Осыған орай, әлем елдерінде және елімізде "Smart city (ақылды қала)", "Hightech city (жоғары технологиялы қала)", "Digital city (Сандық қала)", "Liveable city (өмір сүру үшін жайлы қала)", "Ecosity (экоқала)" бағытында дамытуды көздейтін стратегиялар мен концепциялар орындалуда. Аталған іс-шаралардың түпкі мақсаты - қалалардың тұрақты, инновациялық дамуын қамтамасыз етуді көздейді.

Сондықтан да, қала дамуын зерттеп, тиімді шешімдер қабылдайтын болашақ мамандарды даярлау ісінде географиялық білімдер маңызды саналады. Зерттеу жұмысындағы қалалар географиясын оқыту мәселесі, Дүние жүзінің әлеуметтік-экономикалық географиясы мен Қазақстанның экономикалық географиясы секілді пәндермен тығыз байланыста орындалған. Осы орайда, еліміздің ірі өндірістік орталықтары ретінде қалыптасқан, білім беру, мәдениет ошақтары шоғырланған, табиғи ресурстар мен өндіріс объектілерінің жиынтығы болып табылатын, Қазақстан

моноқалаларының инновациялық даму үрдістерін зерттеудің қажеттілігі *теориялық маңыздылығымен* қатар, қалалар географиясы курсының білім мазмұнына тиімді етіп ендіру, географиялық білім беру үдерісінде жаңа инновациялық ГАЖ-технологиялары көмегімен пайдаланып оқыту – диссертанттың ғылыми зерттеу жұмысының заман талабына сай географиялық білім берудегі *өзектілігін* айқындай түсті.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, Алиаскаров Думан Тоқтарұлының «Қазақстан моноқалаларының инновациялық даму үрдістерін географияда оқытудың әдістемелік негіздері (Текелі және Жезқазған қалалары мысалында)» атты философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациясы мемлекеттің даму стратегияларымен тығыз байланысқан, бүгінгі күннің өте өзекті мәселесіне арналған.

Диссертант тақырыптың теориялық мазмұнын айқындау барысында алыс-жақын шетелдік және бірқатар отандық ғалымдардың, атап айтқанда Ch. Landry, Ch. Fang, A. Vanolo, Э. Тоффлер, Э. Глейзер, А.А. Рудова, Т.А. Коновалова, К. Сағадиев, Н.Қ. Нұрланова, А.А. Киреева, Л.Т. Тайжанов, Н. Аманбеков, Ә.С. Бейсенова, К.Д. Каймулдинова және т.б. зерттеулеріне жан-жақты талдау жасаған.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Зерттеу барысында Алиаскаров Думан Тоқтарұлы төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1. Теориялық деңгейде ғылыми әдебиеттердегі «моноқала» және «инновациялық даму» ұғымдарына талдау жасалып, олардың географиялық білім берудегі мазмұны нақтыланған.

2. Қазақстан моноқалаларының индустриалды-инновациялық даму үрдістерін географияда оқытудың мүмкіндіктері айқындалып, мазмұндық-құрылымдық моделі құрылған.

3. Қазақстан моноқалаларының индустриалды-инновациялық даму үрдістерін географияда оқыту әдістемесі жасалған.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы - ізденушінің зерттеу аясында отандық, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен оқу әдістемелік құралдарындағы «моноқала» және «инновациялық даму» ұғымдарына берілген анықтамаларды жүйелеуімен, осы ұғымдардың мәні мен мазмұнын өзінің зерттеу проблемасының мақсатына орай тұжырымды пікірін білдіріп ғылыми-теориялық тұрғыдан мазмұндық сипаттама жасауымен негізделген және олардың географиялық білім берудегі мазмұны дәлелденген. Бұл педагогика ғылымының теориялық мазмұнын толықтырады.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы - зерттеу мәселесіне байланысты даярлаған моделі. Себебі, бұл модельде зерттеудің негізгі ғылыми-теориялық ережелерін басшылыққа ала отырып, Қазақстан

монокалаларының индустриалды-инновациялық даму үрдістерін географияда оқытуда пайдалануының жолдары жүзеге асырылған.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы - ізденушінің Қазақстан монокалаларының индустриалды-инновациялық даму үрдістерін географияда оқытуда тиімді пайдалануға бағытталған әдістемесі және арнайы элективті курсы.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің (қағидасының) тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.

1. *Бірінші нәтиженің жаңалық дәрежесі* – диссертацияның тақырыбына сәйкес келетін отандық, алыс-жақын шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне жан-жақты жүйелі талдау жасау нәтижесінде «монокала» және «инновациялық даму» ұғымдарының теориялық негіздерін айқындаған және олардың географиялық білім берудегі мазмұнын нақтылаған.

2. *Екінші нәтиженің жаңалық дәрежесі* – Қазақстан монокалаларының индустриалды-инновациялық даму үрдістерін географияда оқытудың мүмкіндіктері айқындалып, мазмұндық-құрылымдық моделі даярланып оқу үдерісіне ендірген.

3. *Үшінші нәтиженің жаңалық дәрежесі* – зерттеу нәтижелері бойынша географиялық мазмұндағы теориялық білімді жинақтау, білім алушылардың зерттеушілік құзіреттіліктерін қалыптастыруға арналған жобалық жұмыстардың үлгісі, шығармашылық және зерттеуге арналған практикалық жұмыстар жүйесі дайындалған. Сондай-ақ жалпы білім беретін мектептердің 9 сыныбына арналған «Қалалар географиясы» қолданбалы курсының бағдарламасы даярланған және «5B011600-География», «5B060900-География» мамандықтарында оқитын студенттерге арналған «Геоурбандалу» элективті курсының жұмыс оқу бағдарламасы жасалып, оқу үдерісіне енгізілген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері логикалық түрде құрылған ішкі біртұтастығымен ерекшеленеді. Зерттеудің қорытындысы ізденушінің педагогика ғылымдарының теориясы мен практикасына енгізілген жаңалығымен сипатталады.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Зерттеу жұмысының нәтижелері педагогика мен географияны оқыту әдістемесі үшін маңызы бар. Өйткені мұнда қазіргі заман талабына сай, географиялық білім беру үрдісінде жаңа инновациялық ГАЖ-технологиялары көмегімен жаһандық дәуірдегі қазіргі заманғы жағдайларына жылдам бейімделе алатын, білікті мамандарды дайындаудың сапасын арттырудың маңызды құралдарының бірі екендігі зерделенген.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.

Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны елімізде және алыс-жақын шет елдерде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық

конференциялар мен әр түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген 15 еңбегінде қамтылған. Соның ішінде, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған басылымдарда – 4 (ҚазҰУ Хабаршысы, География сериясы – 3; ҚазҰПУ Хабаршысы, Педагогика ғылымдары сериясы - 1), Scopus мәліметтер базасына енген ғылыми басылымда – 1 (GeoJournal of Tourism and Geosites, Romania, IF = 0,60), халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында - 8 (оның ішінде шетелдік конференцияларда - 4) мақала және авторлық бірлестікте қалалар географиясы курсы үшін аса қажетті 2 монографиялық еңбегі жарық көрген.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер.

Дей тұрғанмен диссертациялық жұмыста мына төмендегідей кемшіліктер де кездеседі.

1. Теориялық бөлімде педагогикалық ұғымдарға қарағанда, географиялық ұғымдарға қатысты талқылаулар көбірек келтірілген, сондықтан, болашақта осы мәселелерге толығырақ көңіл бөлу ұсынылады.

2. Диссертацияда кейбір шетелдік тәжірибелерді талдауда қайталаулар кездеседі (мысалы, Германия тәжірибесін) және техникалық, пунктуациялық, орфографиялық қателерге түзетулер енгізуді талап етеді.

Дегенмен, бұл көрсетілген кемшіліктер мен ескертпелер ізденушінің зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылыми-теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді деп санаймын.

9. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкестігі.

«6D011600 – География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Алиаскаров Думан Тоқтарұлының «Қазақстан моноқалаларының инновациялық даму үрдістерін географияда оқытудың әдістемелік негіздері (Текелі және Жезқазған қалалары мысалында)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәйекті, өз бетімен орыдалған, жан-жақты зерттелген қолданбалы мәні бар, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторын «6D011600 – География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент,

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің**

«Физикалық және экономикалық география»

кафедрасының профессоры,

педагогика ғылымдарының докторы

Саипов А.А.

